ШАРТ-ОФЕРТА

курьерлік жеткізу қызметтерін көрсету туралы
(өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар, жеке кәсіпкерлер және резидент емес жеке тұлғалар үшін)

«2» қараша 2026 ж. 1.2-нұсқа

Осы ұсыныс «AI ПРО1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, БСН 241040014556, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Мамыр-4 шағынауданы, 49-үй, жария офертасы болып табылады.

Бұдан әрі «Компания» деп аталатын «AI ПРО1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жарғы негізінде әрекет ететін Директоры Даирова Аида Аскаровнаның атынан осы шарттың 2.8-тармағында көрсетілген санаттардың біріне жататын және осы ұсынысты қабылдайтын кез келген тұлғамен (бұдан әрі – «Курьер») осы шартта көрсетілген талаптармен шарт жасасуды ұсынады.

Осы шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АК) сәйкес жария оферта болып табылады. Оны толық әрі сөзсіз қабылдау (акцепт) деп Курьердің осы шарттың 2.5-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасауы танылады. «Vezoo.kz» сервисін (https://vezoo.kz) Тараптар тіркеу, ақпарат алмасу және электрондық құжат айналымы үшін техникалық құрал ретінде пайдаланады; шартты орындау барысында құжаттарға қол қою осы шарттың 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Курьерге акцепт жасамас бұрын шарт мәтінімен мұқият танысу ұсынылады. Шарт талаптарының қандай да бір бөлігімен немесе толықтай келіспеген жағдайда, шарт жасасудан бас тарту ұсынылады.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. Тапсырыс беруші – өз Сервисі арқылы тауарларға тапсырыс беру және оларды жеткізу мүмкіндігін ұсынатын интернет-платформаның операторы болып табылатын заңды тұлға. Компания онымен шарт жасасқан және сол шартқа сәйкес Курьерлерді жеткізу қызметтерін көрсетуге тарту кезінде Тапсырыс берушінің комиссионері ретінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Тапсырыс беруші интернет-платформа арқылы алынған өзін-өзі жұмыспен қамтыған Курьерлердің кірістеріне қатысты салық агенті болып табылады.

1.2. Тапсырыс берушінің сервисі – тапсырыстар орналастырылатын және жеткізу қызметтері көрсетілетін, Тапсырыс берушіге тиесілі веб-сайттар, мобильді қосымшалар және өзге де бағдарламалық құралдар.

1.3. Есептік жазба – Компанияның сұрауы бойынша Тапсырыс беруші Курьерге беретін Тапсырыс беруші сервисіне қол жеткізу құқығы.

1.4. Пайдаланушы – Тапсырыс беруші сервисі арқылы тауарларға және оларды жеткізуге тапсырыс беретін жеке немесе заңды тұлға.

1.5. Жеткізу қызметтері – Тапсырыс беруші сервисі арқылы орналастырылған тапсырыстарды қабылдау, тасымалдау және жеткізу жөніндегі Курьер көрсететін қызметтер.

1.6. Жеткізу қызметтерінің құны – Есепті кезеңде Курьер көрсеткен жеткізу қызметтерінің Тапсырыс беруші сервисі Тапсырыс берушінің тарифтері мен қағидалары бойынша

есептеген құны, оның ішінде Пайдаланушылардың шайпұлдары мен Тапсырыс берушінің қосымша төлемдері.

1.7. Курьердің сыйақысы – осы Шарттың 5.1-тармағына сәйкес айқындалатын, көрсетілген жеткізу қызметтері үшін Курьерге тиесілі сома.

1.8. Компанияның комиссиялық сыйақысы – Компания мен Тапсырыс беруші арасындағы шарт бойынша Тапсырыс беруші Компанияға төлейтін сыйақы.

1.9. Есепті кезең – егер Компания басқа кезеңді белгілемесе және ол туралы Курьерге хабарламаса, күнтізбелік апта.

1.10. «Vezoo.kz» сервисі (Платформа) – https://vezoo.kz сайтын, CRM-жүйені және мобильді қосымшаларды қамтитын, Тараптар электрондық құжат айналымы мен ақпарат алмасу үшін пайдаланатын аппараттық-бағдарламалық кешен.

1.11. Төлем ұйымы – төлемдер және төлем жүйелері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыратын, Курьерлерге төлем жасау үшін Компания тартатын, оның ішінде өзінің немесе технологиялық серіктестерінің бағдарламалық қамтылымын пайдаланатын заңды тұлға.

1.12. Төлем сервисі – Төлем ұйымының немесе оның технологиялық серіктесінің бағдарламалық қамтылымы (мобильді қосымша, жеке кабинет), ол арқылы Курьер төлеуге қолжетімді сома туралы мәлімет алады және өзі көрсеткен деректемелер бойынша оны банк картасына аударуға дербес өкім береді.

1.13. Төлем тәсілі – Курьер осы Шарттың 5.5-тармағына сәйкес таңдаған төлем алу тәртібі: Курьер көрсеткен деректемелер бойынша банк шотына (картаға) тікелей аудару (1-тәсіл) немесе Төлем сервисін пайдалана отырып, Төлем ұйымы арқылы алу (2-тәсіл).

1.14. Төлемдер тізілімі – Тапсырыс беруші сервисінің деректері мен қол қойылған орындалған жұмыстар актілері негізінде Компания қалыптастыратын Курьерлерге төленетін сомалардың электрондық тізбесі.

1.15. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам – Қазақстан Республикасының азаматы немесе қандас болып табылатын және Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимін қолданатын жеке тұлға.

1.16. Жеке кәсіпкер (ЖК) – Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкер ретінде тіркелген және салық салудың жалпыға бірдей белгіленген режимін қолданатын жеке тұлға.

1.17. Резидент емес – Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын және Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға.

1.18. Цифрлық растау – Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне сәйкес цифрлық аутентификациядан өткеннен кейін Платформада Курьердің келісімін білдіретін әрекеті: Курьердің расталған ұялы телефон нөміріне жіберілген бір реттік кодты енгізу және биометриялық сәйкестендіруден (FaceID) өту.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Курьер Тапсырыс беруші сервисі арқылы орналастырылатын тапсырыстар бойынша Жеткізу қызметтерін көрсетуге міндеттенеді, ал Компания Тапсырыс берушінің комиссионері ретінде оның мүддесі үшін және оның есебінен өз атынан әрекет ете отырып, Курьер көрсеткен Жеткізу қызметтерін осы Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен қабылдауға және ақы төлеуге міндеттенеді.

2.2. Осы Шартты және Тапсырыс берушінің тапсырмасын орындау шеңберінде Компания:

- Тапсырыс берушіден Курьерге Есептік жазба беруді сұратады және оны қосуға сүйемелдеу көрсетеді;
- Курьерге Тапсырыс берушінің қағидалары мен техникалық талаптары туралы хабарлайды;
- Платформа арқылы Курьермен электрондық құжат айналымын қамтамасыз етеді;
- Курьермен есеп айырысуды және Курьердің сыйақысын өзі таңдаған Төлем тәсілімен аударуды ұйымдастырады.

2.2.1. Компания 2.2-тармақта көрсетілген әрекеттерді Тапсырыс берушінің комиссионері ретінде орындайды. Бұл әрекеттер үшін ақы Компанияның комиссиялық сыйақысы болып табылады, оны Тапсырыс беруші төлейді және ол осы Шарттың 5.1-тармағына сәйкес Курьердің жалпы кірісінен есептеледі. Көрсетілген әрекеттер үшін Курьер Компанияға өзге төлемдер жасамайды.

2.3. Курьер жұмыс уақытын және кестесін өз бетінше айқындайды, тапсырыстарды қабылдайды немесе қабылдамайды, маршрут пен көлік құралын өзі таңдайды. Осы Шарт Курьер үшін тапсырыстардың ең төменгі көлемін белгілемейді. Тапсырыстарды бөлуді Тапсырыс берушінің сервисі жүзеге асыратындықтан, Компания Курьерге тапсырыстардың белгілі бір көлеміне кепілдік бермейді.

2.4. Осы Шарт еңбек шарты болып табылмайды. Курьер Жеткізу қызметтерін дербес, өз тәуекелімен және өз есебінен көрсетеді және басқа тұлғаларға, оның ішінде өзге интернет-платформалар арқылы да қызмет көрсетуге құқылы.

2.5. Акцепт жасау тәртібі. Осы Шартты акцептеу деп Курьердің https://vezoo.kz/ сайтындағы тіркеу нысанында (оның мобильді нұсқасын қоса алғанда) мына әрекеттердің барлығын жасауы танылады:

- курьер сауалнамасын толтыру (Т.А.Ә., телефон, ЖСН, қала, азаматтық, жеткізу сервисі, көлік түрі және нысанның өзге өрістері);
- «Дербес деректерді құпиялылық саясатына және Пайдаланушы келісіміне сәйкес өңдеуге келісемін» деген белгі қою;
- «Жария оферта талаптарын қабылдаймын» деген белгі қою;
- «Сауалнаманы жіберу» батырмасын басу.

2.5.1. 2.5-тармақта көрсетілген белгілер қойылып, «Сауалнаманы жіберу» батырмасы басылған сәттен бастап Шарт жазбаша нысанда жасалған болып есептеледі (ҚР АК-нің 152, 396-баптары). Шартқа цифрлық растау немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қосымша қол қою талап етілмейді.

2.5.2. Курьердің санаты және 2.9-тармақта көрсетілген растайтын құжаттар Курьер тарапынан сауалнамада немесе ол жіберілгеннен кейін Компанияның сұрауы бойынша Жеткізу қызметтері көрсетіле бастағанға дейін хабарланады. Акцепт Курьердің Шарт жасасуға деген еркін нақты анықтауға мүмкіндік беретін өзге де заңды тәсілмен жасалуы мүмкін.

2.6. Акцепт жасау Курьердің осы Шарттың акцепт жасалған күні қолданыста болған редакциясының талаптарына толық әрі сөзсіз қосылғанын білдіреді.

2.7. Компания өз ұсынысын кез келген уақытта кері қайтарып алуға құқылы; мұндай кері қайтарып алу Тараптарды кері қайтарып алғанға дейін туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

2.8. Осы Шарт мына санаттардағы Курьерлермен жасалады: өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам; салық салудың жалпыға бірдей белгіленген режимін қолданатын жеке кәсіпкер; резидент емес. Компания оңайлатылған декларация негізіндегі салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлермен осы Шартты жасаспайды.

2.9. Курьер өзінің санатын көрсетіп, 2.5.2-тармаққа сәйкес растайтын мәліметтер мен құжаттарды ұсынады:

- Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам – жеке басын куәландыратын құжат;
- ЖК – жеке басын куәландыратын құжат, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені және қолданылатын салық режимі туралы мәліметтер;
- Резидент емес – жеке басын куәландыратын құжат, Қазақстан Республикасында заңды түрде болуын және оның аумағында заңнамаға сәйкес қызмет көрсету құқығын растайтын құжаттар, ал қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттың ережелерін қолдану ниеті болған жағдайда – резиденттігін растайтын құжат.

2.10. Курьер өзінің санаты немесе салық салу режимі өзгерген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Компанияға хабарлауға міндетті. ЖК-нің оңайлатылған декларация негізіндегі немесе өзге арнаулы салық режиміне көшуі, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамның өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимін қолдануды тоқтатуы, егер Курьер 2.8-тармақта көрсетілген басқа санатқа ауыспаса, осындай көшу (тоқтату) күнінен бастап Шартты тоқтатуға негіз болады.

3. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

3.1. Акцепт жасалғанға дейін Курьер осы Шарттың талаптарымен, Платформа қағидаларымен және Компания немесе Тапсырыс беруші оған жеткізген Тапсырыс беруші сервисінің қағидаларымен танысуға міндетті.

3.2. Курьер жеткізу мерзімдеріне, азық-түлік өнімдерін тасымалдауға, термосөмкелер мен өзге де жабдықтарды пайдалануға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қоса алғанда, Тапсырыс берушінің техникалық талаптары мен регламенттерін сақтай отырып, Жеткізу қызметтерін көрсетеді.

3.3. Курьер орындаған тапсырыстар мен Жеткізу қызметтерінің құнын есепке алуды Тапсырыс берушінің сервисі жүргізеді. Тиісті ақпаратты сақтауды Тапсырыс беруші жүзеге асырады.

3.4. Әрбір Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша Компания Тапсырыс беруші сервисінің деректері негізінде Платформада орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін (бұдан әрі – ОЖА) қалыптастырады. Онда Курьердің Есепті кезеңдегі сыйақысы, яғни Компанияның комиссиялық сыйақысы шегерілген Курьердің жалпы кірісі көрсетіледі. ОЖА орналастырылғаны туралы Курьерге push-хабарлама немесе келісілген байланыс арналары арқылы өзге хабарлама жіберіледі.

3.5. ОЖА-ға Курьер Платформада цифрлық растау немесе электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы қол қояды. Курьер – ЖК ОЖА-ға электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды. Компания ОЖА-ға электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

3.6. ОЖА бойынша қарсылықтар болған жағдайда Курьер ол туралы акт орналастырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Компанияға хабарлап, оған қол қоюдан бас тартады. Компания қарсылықтарды қарап, 5 (бес) жұмыс күні ішінде Курьерге нәтижесін хабарлайды. Көрсетілген мерзімде дәлелді қарсылықтар болмаса, ОЖА Курьер тарапынан қарсылықсыз қол қойылған болып есептеледі.

3.7. Егер Есепті кезеңде Курьер Жеткізу қызметтерін көрсетпесе, ОЖА жасалмайды.

3.8. Курьердің сұрауы бойынша Компания 3 (үш) жұмыс күні ішінде сұратылған кезеңдегі Курьер орындаған тапсырыстар саны мен есептелген сомалар туралы өзінде бар мәліметтерді ұсынады.

3.9. Тараптар Курьердің Платформадағы цифрлық растауы оның еркін білдіретініне және ОЖА-ға қол қою, осы Шарт бойынша өтініштерді, хабарламаларды және өзге құжаттарды жіберу кезінде Тараптар арасындағы қатынастарда Курьердің өз қолымен қойған қолтаңбасына тең деп танылатынына келісті. Компания цифрлық аутентификация және цифрлық растау туралы мәліметтерді (күні мен уақыты, телефон нөмірі, биометриялық сәйкестендіру нәтижесі, IP-мекенжай, расталатын құжаттың мазмұны) сақтайды; Тараптар оларды Курьердің тиісті әрекетті жасағанын растайтын тиісті дәлел деп таниды. Курьер өзінің мобильді құрылғысы мен телефон нөмірін үшінші тұлғалардың пайдалану тәуекелін көтереді және олар жоғалған жағдайда Компанияға дереу хабарлауға міндетті.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Курьер міндетті:

4.1.1. Жеткізу қызметтерін жеке өзі, сапалы және Тапсырыс берушінің қағидаларында белгіленген мерзімдерде көрсетуге.

4.1.2. Тауарларды, оның ішінде азық-түлік өнімдері мен тасымалдаудың ерекше шарттарын талап ететін тауарларды тасымалдау кезінде Тапсырыс берушінің қағидалары мен техникалық талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға.

4.1.3. Тек кәмелетке толған адамдарға арналған тауарларды жеткізген кезде алушының жасын растайтын құжатты тексеруге; Пайдаланушының тапсырмасы бойынша тауар сатып алған кезде Пайдаланушыға фискалдық чекті беруге.

4.1.4. Тапсырыс берушінің фирмалық нышандары бар заттарды Жеткізу қызметтерін көрсетуге қатысы жоқ кезде пайдаланбауға және Тапсырыс беруші мен Компанияның тауар белгілерін жазбаша келісімсіз пайдаланбауға.

4.1.5. Тапсырыс беруші сервисіне, Платформаға және Төлем сервисіне қол жеткізуге арналған Есептік жазбаны, логиндерді, құпиясөздерді және өзге деректерді үшінші тұлғаларға бермеуге және басқа тұлғаның Есептік жазбасын пайдаланбауға.

4.1.6. Пайдаланушылардың дербес деректерін тапсырысты орындауға қатысы жоқ мақсаттарда жария етпеуге және пайдаланбауға.

4.1.7. Шартты орындауға және Тапсырыс берушінің немесе Компанияның салық агенті функцияларын атқаруына қажетті шынайы мәліметтер мен құжаттарды Компанияға ұсынуға және олар өзгерген жағдайда уақтылы хабарлауға.

4.1.8. Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде мәлімделген Курьер санатына сәйкес келуге және 2.10-тармақтағы тәртіппен өзгерістер туралы Компанияға хабарлауға.

4.1.9. Осы Шарттың 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен ОЖА-ны қарауға және оған қол қоюға.

4.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасы талап еткен жағдайда, Жеткізу қызметтерін көрсету кезінде үшінші тұлғаларға келтірілуі мүмкін зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың қолданыстағы шартына ие болуға, сондай-ақ пайдаланылатын көлік құралының белгіленген талаптарға (сақтандыру, техникалық қарап-тексеру) сәйкестігін қамтамасыз етуге.

4.1.11. Шартты орындауға байланысты Курьерге белгілі болған Тапсырыс беруші мен Компанияның құпия ақпаратын Шарт қолданылатын мерзім ішінде және ол тоқтатылғаннан кейін 2 (екі) жыл бойы жария етпеуге.

4.2. Курьер құқылы:

4.2.1. Осы Шарттың 5-бөлімінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Курьердің сыйақысын алуға.

4.2.2. Осы Шарттың 5.5-тармағында белгіленген тәртіппен Төлем тәсілін таңдауға және оны кез келген уақытта өзгертуге.

4.2.3. Компаниядан есептелген сомалар, ұсталымдар және төлемдер туралы ақпарат алуға.

4.2.4. Компания арқылы Тапсырыс берушімен өзара іс-қимылды кез келген уақытта тоқтатып, Компанияның қатысуынсыз – тікелей немесе Тапсырыс берушінің басқа серіктесі арқылы – Тапсырыс беруші айқындайтын талаптармен оның сервисінде қызметін жалғастыруға. Компания мұндай ауысуды шектейтін талаптар белгілемейді (оның ішінде орындалған тапсырыстардың ең аз саны немесе жұмыс істеу мерзімі туралы талаптар), ол үшін ақы алмайды және ауысуға кедергі келтірмейді.

4.2.5. 10-бөлімде белгіленген тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға.

4.2.6. Курьердің немесе үшінші тұлғалардың өміріне не денсаулығына елеулі және тікелей қауіп туындаған кезде тапсырысты орындауды дереу тоқтатып, бұл туралы Тапсырыс беруші сервисі арқылы Тапсырыс берушіге хабарлауға. Мұндай қауіптің бар-жоғын Курьер өз бетінше бағалайды.

4.3. Компания міндетті:

4.3.1. Курьер көрсеткен Жеткізу қызметтерін осы Шартқа сәйкес қабылдауға және ақысын төлеуге.

4.3.2. Курьерге төлемдерді ол таңдаған Төлем тәсілімен уақтылы аударуға.

4.3.3. Тапсырыс беруші қағидаларының өзгеруі және Шарттың орындалуына әсер ететін өзге де мән-жайлар туралы Курьерге Платформа, Telegram-арналар және/немесе Call-орталық маманының қоңырауы арқылы хабарлауға.

4.3.4. Есептелген сомалар, ұсталымдар және төлемдер бойынша Курьердің өтініштерін қарап, 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап беруге.

4.3.5. Курьердің сұрауы бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Курьермен қатынастардың тоқтатылғанын растауға.

4.4. Компания құқылы:

4.4.1. Курьерден Шартты тиісінше орындауды талап етуге.

4.4.2. Курьерден Шартты орындауға қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға.

4.4.3. ОЖА-ның даулы бөлігі бойынша Курьер қарсылық білдірген жағдайда, олар қаралғанға дейін сол бөлік бойынша төлемді тоқтата тұруға.

4.4.4. Өзге тұлғалармен осындай шарттар жасасуға.

5. КУРЬЕРДІҢ СЫЙАҚЫСЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

5.1. Компанияның комиссиялық сыйақысы Есепті кезеңдегі Курьердің жалпы кірісінің 6%-ын (алты пайызын) құрайды, яғни осы кезең үшін Тапсырыс беруші сервисі есептеген Жеткізу қызметтерінің құнынан, шайпұлдардан, бонустардан және жеткізуге тікелей

байланысты өзге де есептеулерден тұрады және оны Тапсырыс беруші Компанияға төлейді. Курьердің сыйақысы Есепті кезеңдегі жалпы кірістің қалған 94%-ын (тоқсан төрт пайызын) құрайды.

5.2. 5.1-тармақта көрсетілген Компанияның комиссиялық сыйақы мөлшері Компания тарапынан әр кезеңде өзгертілуі мүмкін; мұндай жағдайда Курьердің сыйақысы Курьердің жалпы кірісі мен Компанияның комиссиялық сыйақысы арасындағы айырмаға тең болады. Компания комиссиялық сыйақы мөлшерінің ұлғаюы туралы оны қолданатын Есепті кезең басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Платформа және/немесе Telegram-арна арқылы Курьерге хабарлайды; мөлшерді төмендету алдын ала хабарламай қолданылуы мүмкін. Ұлғаюмен келіспеген Курьер осындай кезең басталғанға дейін Шартты бұзуға құқылы.

5.3. Курьердің сыйақысынан мыналар шегеріледі:

- Компанияға ақша аударылғанға дейін Тапсырыс берушінің қағидаларына сәйкес ұсталған сомалар (оның ішінде Курьердің Пайдаланушылардан алған қолма-қол ақшасы, Тапсырыс беруші сервисін пайдаланғаны үшін төлем, Курьерге берілген жабдықтың құны, Курьердің әрекеттеріне байланысты үшінші тұлғалардың талап ету сомалары);
- 5.11-тармаққа сәйкес Тапсырыс беруші немесе Компания салық агенті ретінде ұстап қалған салықтар және өзге де міндетті төлемдер;
- осы Шарттың 5.9 және 6.4-тармақтарында көзделген, құжаттармен расталған сомалар.

5.4. 5.1-тармақта көрсетілген Компанияның комиссиялық сыйақысы осы Шарт бойынша Компания алатын жалғыз сыйақы болып табылады және Курьердің сыйақысын айқындау кезінде ескеріледі (Курьердің жалпы кірісінен Компанияның комиссиялық сыйақысы шегеріледі). Бұдан бөлек Компания Курьерден қосылу, сүйемелдеу, құжат айналымы немесе төлемдерді аудару үшін ешқандай төлем алмайды. Төлем ұйымының сыйақысы (5.5.2-тармақ) және банктердің комиссиялары (5.5.1-тармақ) Компанияның кірісі болып табылмайды.

5.5. Төлемдер Курьер https://vezoo.kz/courier/ мекенжайындағы жеке кабинетінің «Деректемелер» бөлімінде көрсеткен деректемелер бойынша банк шотына немесе банк картасына Курьердің таңдауы бойынша мына тәсілдердің бірімен аударылады:

5.5.1. 1-тәсіл – банк шотына тікелей аудару. Компания төлемді өзінің банк шотынан 5.5-тармақта көрсетілген тәртіппен Курьер берген деректемелер бойынша «Kaspi Bank» АҚ-дағы немесе Қазақстан Республикасының өзге екінші деңгейдегі банкіндегі банк шотына (картаға) аударады. Компания мұндай аударым үшін комиссия алмайды. Ақшаны есепке жатқызу және шығару шарттарын, сондай-ақ банк комиссияларын (болған жағдайда) тиісті банк айқындайды.

5.5.2. 2-тәсіл – Төлем ұйымы арқылы. Компания Курьерге тиесілі соманы төлемді жүзеге асыру үшін Төлем ұйымына аударады, содан кейін сома Төлем сервисінде Курьердің шығаруына қолжетімді ретінде көрсетіледі. Курьер өзіне ыңғайлы кез келген уақытта өзі көрсеткен деректемелер бойынша банк картасына аударуға дербес өкім береді. Ақшаны әрбір шығару операциясы кезінде шығарылатын соманың 0,7%-ынан (нөл бүтін оннан жеті пайыз) 1,5%-ына (бір бүтін оннан бес пайыз) дейінгі мөлшерде Төлем ұйымының сыйақысы ұсталады. Көрсетілген шектердегі нақты сыйақы мөлшерін Төлем ұйымының тарифі айқындайды және операция расталғанға дейін Курьерге Төлем сервисінде көрсетіледі; операцияны растау арқылы Курьер сыйақының ұсталуына келісім білдіреді. Төлем ұйымының сыйақысы Компанияның кірісі болып табылмайды, оны Компания алмайды және бөлмейді.

5.5.3. Төлем тәсілін таңдау және өзгерту Курьердің https://vezoo.kz/courier/ мекенжайындағы Платформа арқылы «Деректемелер» бөлімінде электрондық түрде Компанияға жіберген өтініші негізінде жүзеге асырылады. 1-тәсілді таңдаған кезде Курьер 5.5-тармақта белгіленген тәртіппен деректемелерді ұсынады. Курьер Төлем тәсілін кез келген уақытта өзгертуге құқылы. Жаңа Төлем тәсілі Компания өтінішті алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні өткен соң қалыптастырылған ОЖА бойынша төлемдерге қолданылады.

5.5.4. Курьер 5.5.3-тармақта көзделген өтінішті бергенге дейін төлемдер Курьерге акцепт жасалған күні немесе осы Шарттың осы редакциясы күшіне енген күні қолданылған Төлем тәсілімен жүзеге асырылады.

5.5.5. Төлем ұйымы сыйақысының шектері осы Шарттың 5.5.2-тармағында белгіленген және оларды тек 10.2-тармаққа сәйкес Шартқа өзгерістер енгізу арқылы ғана өзгертуге болады. Төлем ұйымының сыйақы мөлшерімен келіспеген Курьер кез келген уақытта 1-тәсілге ауысуға немесе Компаниямен ынтымақтастықты тоқтатуға құқылы.

5.5.6. Егер Курьерге байланысты емес себептермен Төлем сервисі арқылы қаражатты шығару қатарынан 2 (екі) жұмыс күнінен астам уақыт мүмкін болмаса, Курьердің өтініші бойынша Компания шығару үшін қолжетімді соманы 1-тәсілмен аударады, бұл ретте аталған соманы Курьер бұрын шығарып алмаған және Төлем ұйымы оны Компанияның билігіне қайтарған болуы керек.

5.5.7. Курьер өзі көрсеткен деректемелердің дұрыстығы мен өзектілігі үшін жауап береді. Курьер 5.5-тармаққа сәйкес көрсеткен деректемелер бойынша төлем аудару Компания міндеттемесінің тиісінше орындалуы болып танылады. Егер Курьер көрсеткен деректемелер басқа тұлғаға тиесілі болса, мұндай аударымның салықтық және өзге де салдары үшін Курьер жауап береді.

5.6. Компания төлемді мына күндердің ең кешінен бастап 5 (бес) банк күні ішінде аударады: ОЖА-ға қол қойылған (қол қойылды деп танылған) күн және/немесе тиісті Есепті кезең үшін Тапсырыс берушіден ақша түскен күн. 2-тәсіл кезінде сома Төлем сервисінде Курьердің шығаруына қолжетімді болып көрсетілген сәттен бастап Компанияның міндеттемесі орындалды деп есептеледі. ОЖА бойынша қарсылықтардың болуы даулы бөлік бойынша төлем мерзімін тоқтата тұрады.

5.7. Компанияға Тапсырыс берушіден Курьерлермен есеп айырысу үшін түсетін ақша транзиттік қаражат болып табылады, Компанияның кірісі болып саналмайды және бөлек есепке алынады. Компанияның кірісі тек оның комиссиялық сыйақысынан тұрады. Компания Тапсырыс беруші сервисінің Пайдаланушыларынан төлем қабылдамайды.

5.8. Тапсырыс беруші сервисі есептеген Жеткізу қызметтерінің құны, тарифтер, бонустар және түзетулер бойынша талаптарды Тапсырыс беруші қарайды; Курьер өтініш білдірген жағдайда Компания оларды Тапсырыс берушіге жолдап, реттеуге жәрдемдеседі. Курьер сыйақысын есептеу, Компанияның ұсталымдары және төлемдерді аудару бойынша талаптарды Курьер Компанияға жолдайды.

5.9. Техникалық қате немесе іркіліс салдарынан Курьерге төленуге тиіс сомадан артық сома аударылса (оның ішінде төлемнің екі рет аударылуы), Курьер Компанияның растайтын есептеулері қоса берілген хабарламасын алған күннен бастап 3 (үш) банк күні ішінде артық алынған қаражатты қайтаруға міндетті. Қайтарудан бас тартқан жағдайда Компания артық төлемнің құжатпен расталған сомасын кейінгі төлемдерден ұстап қалуға немесе Шарт тоқтатылған кезде оны сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

5.10. Есеп айырысулар теңгемен, қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырылады.

5.11. Курьердің сыйақысына салық салу Курьердің санатына байланысты жүзеге асырылады:

5.11.1. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам. Интернет-платформа арқылы алынған Курьер кірістерінен жеке табыс салығы мен әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі салық агентінің функцияларын интернет-платформа операторы ретінде Тапсырыс беруші орындайды. Компания Курьердің салық агенті болып табылмайды.

5.11.2. Жалпыға бірдей белгіленген режимдегі жеке кәсіпкер. Курьер – ЖК салықтар мен әлеуметтік төлемдерді өз бетінше есептейді және төлейді, салық есептілігін ұсынады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген жағдайларда электрондық шот-фактураларды жазады. Компания Курьер – ЖК-нің салық агенті болып табылмайды; Курьердің сыйақысы салықтар ұсталмай төленеді.

5.11.3. Резидент емес. Компания Курьер – резидент еместің салық агенті болып табылады: жеке табыс салығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өзге де міндетті төлемдерді есептейді, Курьердің сыйақысынан төлем көзінде ұстап қалады және бюджетке аударады. Қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шартта белгіленген төмендетілген мөлшерлемелер төлем жасалғанға дейін Курьер резиденттігін растайтын құжатты ұсынған жағдайда қолданылады. Курьердің сұрауы бойынша Компания ұсталған және аударылған сомалар туралы анықтама береді.

5.11.4. Курьер өзінің санаты мен салықтық мәртебесі туралы мәліметтердің дұрыстығына жауап береді. Мұндай мәліметтердің шынайы болмауына байланысты Компанияға есептелген салықтар, өсімпұлдар және айыппұлдар 6.4-тармаққа сәйкес Курьер тарапынан өтеледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Тараптар осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

6.2. Курьер жеткізу үшін қабылданған тауарлардың сақталуына оларды алған сәттен бастап Пайдаланушыға тапсырғанға дейін, сондай-ақ Жеткізу қызметтерін көрсету кезінде өзінің кінәсінен Пайдаланушыларға және үшінші тұлғаларға келтірілген залал үшін жауап береді.

6.3. Курьер өзі ұсынған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығына кепілдік береді.

6.4. Егер Тапсырыс беруші, Пайдаланушы немесе мемлекеттік орган Курьердің Жеткізу қызметтерін көрсету кезіндегі кінәлі әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан (оның ішінде тапсырыстың жоғалуы немесе бүлінуі) Компанияға талап, айыппұл немесе өзге санкция ұсынса, Курьер Компания төлеген, құжаттармен расталған сомаларды растайтын құжаттар қоса берілген талапты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтейді не 5.3-тармаққа сәйкес ұстап қалу арқылы өтейді.

6.5. Компания Тапсырыс берушінің Курьердің Есептік жазбасына қол жеткізуін шектеу туралы шешімдері, тапсырыстарды бөлу, Тапсырыс берушінің тарифтері мен қағидалары, сондай-ақ Тапсырыс берушінің деректерді немесе қаражатты уақтылы бермеуінен туындаған кідірістер үшін жауап бермейді.

6.6. Егер Курьердің банк шоты бұғатталса немесе Курьер қате деректемелер көрсетсе, Компания төлемдердің кешіктірілуі үшін жауап бермейді.

7. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

7.1. Дербес деректерді өңдеуге келісім белгісін қою және осы Шартты акцептеу арқылы Курьер Компанияға Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Vezoo.kz» сервисінің Құпиялылық саясатына және Пайдаланушы келісіміне сәйкес өзінің дербес деректерін (Т.А.Ә., ЖСН, туған күні, байланыс деректері, банк деректемелері, жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері) жинауға, сақтауға, жүйелеуге, пайдалануға, беруге, оның ішінде трансшекаралық беруге, және өзге де өңдеуге келісім береді.

7.2. Дербес деректер осы Шартты орындау, Тапсырыс беруші сервисіне қосу, есеп айырысулар мен төлемдерді ұйымдастыру, Тапсырыс берушінің немесе Компанияның салық агенті функцияларын орындауы және Тараптардың құқықтарын қорғау мақсатында өңделеді.

7.3. Курьер өзінің дербес деректерін Тапсырыс берушіге, Төлем ұйымдарына және олардың технологиялық серіктестеріне, банктерге, электрондық құжат айналымы операторларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік органдарға беруге келіседі.

7.4. Келісімді Курьер жазбаша өтініш беру арқылы кері қайтарып ала алады, бұған Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін немесе Тараптардың орындалмаған міндеттемелері бар жағдайлар кірмейді.

7.5. Тараптар Шартты орындауға байланысты алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды, бұған оны жария ету Шартты орындау үшін қажет болатын немесе заң бойынша талап етілетін жағдайлар кірмейді.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

8.1. Егер міндеттемелерді орындамау Шарт жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының (табиғи апаттар, әскери іс-қимылдар, мемлекеттік органдардың шешімдері) салдарынан болса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Осындай мән-жайларға тап болған Тарап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші Тарапты хабардар етуге міндетті. Егер мән-жайлар 1 (бір) айдан астам уақытқа созылса, Тараптар міндеттемелерді тоқтатуға құқылы.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

9.1. Заңнамада өзгеше көзделмесе, дауларды сотқа дейінгі (шағым беру) тәртіппен реттеу міндетті болып табылады. Шағымды қарау мерзімі – оны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні.

9.2. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания орналасқан жер бойынша сот тәртібімен қаралады.

10. ХАБАРЛАМАЛАР, ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ

10.1. Тараптар бір-біріне хабарламаларды қағаз түрінде немесе электрондық түрде: Платформа, оның ішінде Курьердің https://vezoo.kz/courier/ жеке кабинеті, мобильді қосымша, Telegram, электрондық пошта немесе WhatsApp арқылы Тараптардың байланыс деректері бойынша жібереді.

10.2. Компания сайтта https://vezoo.kz жаңа редакцияны орналастыру арқылы Шарт талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Егер жаңа редакцияда өзге мерзім көрсетілмесе, ол орналастырылған күннен бастап күшіне енеді. Курьер Шарттың қолданыстағы редакциясын өзі қадағалайды. Жаңа редакциямен келіспеген Курьер

Жеткізу қызметтерін көрсетуді тоқтатады және 10.3-тармаққа сәйкес Шартты бұзуға құқылы. Жаңа редакция күшіне енгеннен кейін Жеткізу қызметтерін жалғастыру Курьердің оған келісімі деп танылады.

10.3. Шарт мерзімсіз қолданылады. Курьер Платформа немесе өзге байланыс арналары арқылы Компанияны хабардар етіп, Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы; Есептік жазбаны пайдалануды тоқтату да Курьердің Шарттан бас тартуы деп танылады. Компания Курьерді кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын хабардар ете отырып, Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Компания 10.3-тармақта көрсетілген мерзімді сақтамай, Курьерге хабарлау арқылы мына жағдайларда Шартты бұзуға құқылы:

- Курьердің мәлімделген санатқа сәйкес келмеуі, оның ішінде 2.10-тармақта көрсетілген жағдайлар;
- Курьердің Шарт талаптарын немесе Тапсырыс берушінің қағидаларын елеулі түрде бұзуы, оның ішінде Есептік жазбаны үшінші тұлғаларға беруі;
- Курьер ұсынған мәліметтердің шынайы еместігі анықталуы;
- Компания мен Тапсырыс беруші арасындағы шарттың тоқтатылуы.

10.5. Шарт тоқтатылған кезде Компания Тапсырыс беруші мен Компания арасындағы шартта көзделген тәртіппен Тапсырыс берушіні Курьермен қатынастардың тоқтатылғаны туралы хабардар етеді. Курьердің Тапсырыс беруші сервисіндегі бұдан кейінгі қызметі осы Шарттың 4.2.4-тармағын ескере отырып, Тапсырыс беруші тарапынан айқындалады. Шарт тоқтатылғанға дейін көрсетілген Жеткізу қызметтері үшін Курьердің сыйақысы 5.6-тармақта көзделген мерзімдерде төленеді.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және оған сәйкес түсіндіріледі.

11.2. Шарт акцепт жасалған сәттен бастап күшіне енеді және бұзылғанға әрі Тараптар өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

11.3. Осы редакция күшіне енгенге дейін Шартты акцептеген Курьерлер үшін ол күшіне енген күннен бастап көрсетілген Жеткізу қызметтеріне қолданылады; алдыңғы кезеңдер бойынша есеп айырысулар тиісті кезеңдерде қолданылған талаптармен жүргізіледі.

«AI PRO1» ЖШС

БСН 241040014556

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Мамыр-4 шағынауданы, 49-үй

Директор: Даирова Аида Аскаровна